

"Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватын құру үшін жер телімдерін сақтау туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 582 қаулысы. Қостанай облысы әділет департаментінде 2008 жылғы 8 ақпанда N 3593 тіркелді

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 943 қаулысымен бекітілген, "Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру туралы ережесінің" 2-тармағы және 2007 жылғы 13 қазандағы "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватын ұйымдастыру үшін жер учаскелерін тексеру актісі негізінде қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аманкелді және Жангелдин аудандарының аумақтарында, қосымша беріліп отырған жобаланған жоспарда (сызбада) көрсетілген шекара мен алаңына сәйкес "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватына жер телімдері резервке бекітіліп берілсін.

2. Аманкелді және Жангелдин аудандарының әкімдері "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватына жер телімдері резервке бекітіліп берілген жер учаскелерінде табиғи-қорықтық қоры объектілері сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау қостанай облысы әкімінің орынбасары Н. М. Садуақасовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

қостанай облысының әкімі

Әкімдік мүшелері:

КЕЛІСІЛДІ

Ж о б а л а н ғ а н " А л т ы н Д а л а "
мемлекеттік табиғи резерваты жер учаскелерінің
ЖОСПАРЫ (сызбасы)

алаңы 489774 га Қостанай облысы Жангелдин (356951 га)
және Аманкелді (132823 га) аудандарының аумақтарында

РҚАО ескертуі: схеманың қағаз нұсқасын қараңыз